Әділет

# Этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарының бірыңғай нысандарын енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 125 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2238. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 64 бұйрығымен.

*----------Бұйрықтан үзінді-----------*

*Б ұ й ы р а м ы н :*

*1. "Этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарының бірыңғай нысандарын енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 125 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 18 сәуірде N 2238 болып тіркелді)...*

*Министр*

*-----------------------------------*

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429 Заңын іске асыру, сондай-ақ акциздерді әкімшіліктендіруді жақсарту және этил спирті мен алкоголь өнімдері айналымына бақылауды күшейту мақсатында Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу, беру, ресімдеу, толтыру, есепке алу және сақтау Ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті ( С.С.Қанатов):

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарының бланкілерін әзірлеуге шарт жасассын;

2) Этил спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік жүк құжаттарының бланкілерін әзірлеуге "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі Банкнот фабрикасының (филиалының) адресіне өтініштердің жіберілуін қамтамасыз етсін;

3) Этил спиртін өндіру, сақтау мен сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіру, сақтау мен көтерме сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың

назарына этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттары бланкілері үшін ақша аударуға "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі Банкнот фабрикасының (филиалының) есеп айырысу шотын пайдалану туралы жеткізсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің "Этил спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік жүк құжаттарының бірыңғай нысандарын енгізу туралы" 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1161 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістермен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 қазанда N 945 тіркелген) күші жойылған деп танылсын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі*

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2003 жылғы 26 наурыздағы
N 125 бұйрығымен
бекітілген

## Этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу, беру, ресімдеу, толтыру, есепке алу және сақтау Ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429 Заңына сәйкес жасалған және этил спиртін өндіру, сақтау мен сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіру, сақтау мен көтерме сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі - заңды және жеке тұлғалар) этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) сату кезінде этил спирті мен алкоголь өніміне (сырадан басқа) көлік жүкжөнелтпе құжаттарын (бұдан әрі - жүкжөнелтпе құжаттары) алу, беру, ресімдеу, толтыру, есепке алу және сақтау тәртібін белгілейді.

2. Сату бойынша әрбір операция жүргізу кезінде бір данада оған үш көшірмеде заңды және жеке тұлғалармен міндетті тәртіппен тиісті жүкжөнелтпе құжаттары ресімделеді. Осы жағдайда көлік жүкжөнелтпе құжатының түпнұсқасы мен бір данасы этил спиртін және/немесе алкоголь өнімін алушыға (бұдан әрі - алушы) беріледі. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының қалған екі көшірмесі этил спиртін және/немесе алкоголь өнімін жеткізушіде қалады.

3. Көлік жүкжөнелтпе құжаттары қатаң есептілік бланкілері болып табылады.

4. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының он мәнді баспаханалық нөмірлемесі бар, төрт түрге бөлінеді және түстері бойынша ажыратылады:

этил спиртіне арналған қызыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжаты алкоголь өнімін өндірушімен этил спиртін сату кезінде жеткізушімен ресімделеді (1-қосымша);

этил спиртіне арналған қоңыр түсті көлік жүкжөнелтпе құжаты этил спиртін фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерге, этил спиртін техникалық мақсатта және/немесе алкоголді емес өнімді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдарға жеткізушімен ресімделеді (2-қосымша);

алкоголь өніміне (сырадан басқа) арналған күлгін түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын алкоголь өнімін көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын көтерме сатушыларға алкоголь өнімін (сырадан басқа) сату кезінде жеткізушімен ресімделеді (3-қосымша);

алкоголь өніміне арналған жасыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын алкоголь өнімін (сырадан басқа) өз қызметін бөлшек саудада сату саласында жүзеге асыратын мекемелерге (соның ішінде жекеменшік фирмалық арнайы дүкендерге де, олардың мекен-жайына қарамай) сату кезінде жеткізушімен ресімделеді (4-қосымша).

5. Заңды және жеке тұлғаларға көлік жүкжөнелтпе құжаттары облыстар, Астана мен Алматы қалалары "Астана-жаңа қала" бойынша тиісті салық комитеттерінде беріледі (бұдан әрі - салық комитеттері).

6. Сатып алынған көлік жүкжөнелтпе құжаттары, оларды тіркеу орны бойынша тиісті салық органдарына қайтаруды қоспағанда, өзге ұйымдар мен тұлғаларға қайта сатуға, беруге немесе басқа нысандарда иесіздендіруге жатпайды.

7. Онымен тиісті шарт жасалатын, этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органмен айқындалатын көлік жүкжөнелтпе құжаттарының әзірлеушісі (бұдан әрі - әзірлеуші) мамандандырылған ұйым болып табылады.

## 2. Әзірлеушіден көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу тәртібі

8. Жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірмей, облыстық салық комитеттері тиісті салық комитеттерінде тіркеу есебінде тұрған және тиісті қызмет түрлеріне лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардан осы Ережелерге сәйкес 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға өтінімдерді (бұдан әрі - өтінімдер) жинауды қамтамасыз етеді.

9. Қабылданған өтінімдер негізінде салық комитеттері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетіне (бұдан әрі - ҚР ҚМ СК)

жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 50 (елу) күнтізбелік күннен кешіктірмей, осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға жиынтық өтінім жібереді.

10. ҚР ҚМ СК тиісті облыстық салық комитеттерінің жиынтық өтінімдеріне сәйкес көлік жүкжөнелтпе құжаттарының түрлері мен түстері бойынша әзірлеушіде орналастырады және көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу және жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, олардың жиынтық өтінімдеріне сәйкес оларды облыстар бойынша салық комитеттеріне беру мақсатында Алматы қаласы бойынша салық комитетіне республикалық жиынтық өтінімді береді.

11. ҚР ҚМ СК республикалық жиынтық өтінімге көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу жүзеге асырылатын айдың 1-ші күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы хатпен хабарлап өзгерістер енгізуге құқылы.

12. Бұл жағдайда заңды және жеке тұлғалар, көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу жүзеге асырылатын айдың 1-ші күніне дейін 60 (алпыс) календарлық күннен кешіктірмей тиісті салық комитетіне бұрын берілген көлік жүкжөнелтпе құжаттарының түрлері мен саны бөліміне өзгерістер мен толықтырулар береді. Аталған мерзім өтіп кеткеннен кейін өтінімдерге өзгерістер мен толықтырулар қабылданбайды.

13. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын әзірлегені үшін әзірлеушімен есептесу әзірлеушінің есеп айырысу шотына заңды және жеке тұлғалардан түсіп жатқан қаржы есебінен жүргізіледі.

14. Заңды және жеке тұлғалар көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу жүзеге асырылатын айдың 1-ші күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде, әрбір ай бойынша жеке, олардың өтініміне сәйкес көлік жүкжөнелтпе құжаттарын әзірлегені үшін төлем жүргізеді.

15. Салық комитетімен көлік жүкжөнелтпе құжаттарын сақтау және беру үшін жауапкершілік Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің бірінші басшысына жүктеледі.

16. Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің қызметкерлері арасынан бірінші басшының бұйрығымен материалдық-жауапты тұлға тағайындалады, ол көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу, есепке алу, сақтауды және оларды салық комитеттеріне беруді жүзеге асырады.

17. Әзірлеушіден көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу үшін материалдық-жауапты тұлғаға мөрмен куәландырылған, Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің бірінші басшысы және бас бухгалтері қол қойған сенімхат беріледі.

Әзірлеушіден көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Алматы қаласы бойынша

Салық комитетіне жеткізу күзеттің ілесуімен Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің материалдық-жауапты тұлғасымен жүзеге асырылады.

18. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын дайындығы туралы әзірлеуші хабарлаған кезде Алматы қаласы бойынша Салық комитеті көлік жүкжөнелтпе құжаттарын әзірлеушіден үш күндік мерзімде алуға міндетті.

**3. Салық комитеттеріне көлік жүкжөнелтпе құжаттарын беру тәртібі**

19. Алматы қаласы бойынша салық комитетімен көлік жүкжөнелтпе құжаттарын, көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға өкілеттігі бар салық қызметкерлеріне беру, көлік жүкжөнелтпе құжаттары үшін оның есеп айырысу шотына ақшаның түскеніне ресми растау беру жолымен, әзірлеушімен расталған кезде ғана, сондай-ақ мынадай құжаттар:

мөрмен куәландырылған, Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің бірінші басшысы және бас бухгалтері қол қойған сенімхаттың түпнұсқасы;

көлік жүкжөнелтпе құжаттары үшін төлем туралы төлем тапсырмаларының көшірмелері;

салық комитеті қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттар бар болған кезде жүргізіледі.

20. Алматы қаласы бойынша салық комитетімен көлік жүкжөнелтпе құжаттарын беру кезінде салық комитеттерінің қызметкерлеріне тауарлы-материалдық құндылықтар алуға (талаптама) жүкжөнелтпе құжаты (бұдан әрі - жүкжөнелтпе құжаты) толтырылады және беріледі.

21. Облыстық салық комитеттеріне көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жеткізу күзеттің ілесуімен осы салық комитеттердің қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

**4. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын сақтау және заңды және жеке тұлғаларға беру тәртібі**

22. Бірінші басшыларының бұйрықтарымен салық комитеттері қызметкерлері арасынан көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алу, есепке алу мен сақтауды және оларды заңды және жеке тұлғаларға беруді жүзеге асыратын материалдық-жауапты тұлға тағайындалады.

23. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын облыстық салық комитеттерінде сақтау: акциздік алым таңбаларын сақтауға арналған және оларды беруге арналған екі жұмыс аймағы бар, өртке қарсы және күзет дабылы бар үй-жайларда жүзеге асырылады.

24. Салық комитеттерімен заңды және жеке тұлғаларға көлік жүкқұжаттарын беру мынадай құжаттарды:

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға арналған өтінішті (7-қосымша);

қызметтің тиісті түріне арналған лицензияларды (көшірмелерін);

көлік жүкқұжаттарын алғашқы рет алып отырған заңды және жеке тұлғаларды

қоспағанда, бұрын алынған көлік жүкжөнелтпе құжаттарын пайдаланғаны туралы есеп беру;

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын әзірлегені үшін төлем жасағаны туралы төлем тапсырмасының түпнұсқасын;

заңды және жеке тұлғаның қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттарды;

сенімхаттар:

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға заңды тұлғаның қызметкерінің атына, оның басшысымен қол қойылған және мөрмен расталған;

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға жеке тұлғаның өкілінің атына нотариалды куәландырылған құжаттарын ұсынуы кезінде жүргізіледі.

Аталған құжаттардың көшірмелері салық комитеттерінде қалады.

Салық комитетімен көлік жүкжөнелтпе құжаттарын беру кезінде екі тарап та қол қоятын екі данада жөнелтпе құжат жазылады, оның бір данасы жеке және заңды тұлғаның қызметкерлеріне беріледі.

25. Жеке және заңды тұлғаларға көлік жүкжөнелтпе құжаттарын беру, өтінімде көрсетілген сандары мен түрлеріне сәйкес жүргізіледі.

## 5. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ресімдеу тәртібі

26. Жеткізуші алушыдан этил спиртін және/немесе алкоголь өнімін алуға өтінімдер түскен кезде сұралынды көлеміне (саны) тиісті көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ресімдейді. Егер жеткізу тікелей өндіруші болып табылса, көлік жүкжөнелтпе құжаттары міндетті тәртіппен акциздік посттың жауапты қызметкерімен есепке алынады және қолы мен мөрімен расталады. Жұмыс күнінің соңында көлік жүкжөнелтпе құжатының көшірмесі жеткізушіні тіркеу есебінің орны бойынша салық комитетіне жіберіледі.

27. Этил спирті және/немесе алкоголь өнімі тағайындалған орнына жеткізілгеннен кейін алушы жеткізу күні ішінде өзінің тіркеу есебінің орны бойынша салық комитетіне міндетті тәртіппен көлік жүкжөнелтпе құжатының түпнұсқасын жібереді. Этил спиртін және/немесе алкоголь өнімін жеткізу күні жұмыс күнінің соңына, демалыс және/немесе мейрам күндеріне келген жағдайда, көлік жүкжөнелтпе құжаты келесі жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Егер этил спиртін алушы алкоголь өнімін өндіретін кәсіпорын болып табылған жағдайда, этил спирті бойынша көлік жүкжөнелтпе құжаты акциздік посттың жауапты қызметкерінің қолы мен мөрімен расталады.

28. Салық органдарының жауапты қызметкерлері күнделікті сканерлеу жолымен көлік жүкжөнелтпе құжаттары бойынша мәліметтерді бірыңғай электронды деректер қорына енгізеді және оларды ҚР ҚМ СК электронды түрде береді.

## 6. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын толтыру тәртібі

29. Көлік жүкжөнелтпе құжаттардың барлық түрлерінде "Операция коды" торкөзінде этил спирті және/немесе алкоголь өнімін (сырадан басқа) сату бойынша жүргізілетін операцияларға тиісті сандар қойылады.

| Операция атауы | Операция коды |
|---|---|
| Этил спиртіне арналған қызыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта | |
| 1. Қайта өңдеу мен басқа да мақсаттарда өзге жеткізушілердің этил спиртін өндірушіге этил спиртін сату | 01 |
| 2. Этил спиртін өндірушінің этил спиртін этил спиртін өндірушіге сату | 02 |
| 3. Этил спиртін өндірушінің алкоголь өнімін өндірушіге этил спиртін сату | 03 |
| 4. Алкоголь өнімін өндірушінің алкоголь өнімін өндірушіге этил спиртін сату | 04 |
| Этил спиртіне арналған қоңыр түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта | |
| 5. Этил спиртін фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерге, этил спиртін техникалық мақсатта және/немесе алкоголді емес өнімді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдарға жеткізушінің этил спиртін сату | 05 |
| Алкоголь өніміне (сырадан басқа) арналған күлгін түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта | |
| 6. Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушінің алкоголь өнімін өндірушіге алкоголь өнімін сату | 06 |
| 7. Алкоголь өнімін өндірушінің алкоголь өнімін көтерме сату | |

саласында өз қызметін жүзеге асыратын көтерме сатушыларға алкоголь өнімін (сырадан басқа) сату 07

8. Алкоголь өнімін көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын көтерме сатушылардың алкоголь өнімін (сырадан басқа) алкоголь өнімін өндірушіге сату 08

9. Алкоголь өнімін көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын көтерме сатушылардың алкоголь өнімін көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын өзге көтерме сатушыларға алкоголь өнімін (сырадан басқа) сату 09

---

Алкоголь өніміне (сырадан басқа) арналған жасыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта

---

10. Алкоголь өнімін жеткізушінің, өзінің фирмалық арнайы дүкендеріне, олардың мекен-жайына қарамай сату 10

11. Өз қызметін алкоголь өнімін көтерме сату саласында жүзеге асыратын көтерме сатушылардың алкоголь өнімін өз қызметін бөлшек саудада сату саласында жүзеге асыратын мекемелерге алкоголь өнімін сату 11

---

Көлік жүкжөнелтпе құжаттардың барлық түрлерінде

---

12. Этил спирті және/немесе алкоголь өнімін (сырадан басқа) алушылардың жеткізушілерге қайтаруы 12

---

30. Этил спиртіне арналған қызыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта мыналар көрсетіледі:

1-жолда:

этил спиртін өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

2-жолда:

этил спиртін алушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, жеткізу орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

3-жолда:

этил спиртін өндіруші салық төлеушінің тіркеу нөмері;

4-жолда:

этил спиртін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері;

5-жолда:

ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;

қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;

консигнацияда-келісім шарттың нөмері, күні;

6-жолда:

жүргізушінің аты-жөні;

жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган;

көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері, жолсапар қағазының нөмері, берілген уақыты;

7-жолда:

спиртінің атауы;

8-жолда:

этил спиртіне берілген код - жеке сәйкестендіру нөмері;

9-жолда:

тиелген өнімнің жалпы мөлшері (дал);

10-жолда:

ыдыстың бағасын есептемегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);

тиелген өнімнің жалпы мөлшері (дал);

11-жолда:

көлік ыдысының жалпы құны (теңге);

12-жолда:

ыдыстың бағасын есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);

13-жолда:

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің этил спиртін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

31. Этил спиртіне арналған көк түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта мыналар көрсетіледі:

1-жолда:

этил спиртін өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

2-жолда:

этил спиртін алушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, жеткізу орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

3-жолда:

этил спиртін өндіруші салық төлеушінің тіркеу нөмері;

4-жолда:

этил спиртін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері;

5-жолда:

ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;

қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;

консигнацияда-келісім шарттың нөмері, күні;

6-жолда:

жүргізушінің аты-жөні;

жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган;

көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері, жолсапар қағазының нөмері, берілген уақыты;

7-жолда:

этил спирттің атауы;

8-жолда:

этил спиртіне берілген код - жеке сәйкестендіру нөмері;

9-жолда:

тиелген өнімнің жалпы мөлшері (дал);

10-жолда:

ыдыстың бағасын есептемегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);

тиелген өнімнің жалпы мөлшері (дал);

11-жолда:

көлік ыдысының жалпы құны (теңге);

12-жолда:

ыдыстың бағасын есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);

13-жолда:

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің этил спиртін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

32. Алкоголь өніміне (сырадан басқа) арналған күлгін түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта мыналар көрсетіледі:

1-жолда:

алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

2-жолда:

алкоголь өнімін алушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, жеткізу орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

3-жолда:

алкоголь өнімін өндіруші (жеткізуші) салық төлеушінің тіркеу нөмері;

4-жолда:

алкоголь өнімін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері;

5-жолда:

ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;

қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;

консигнацияда-келісім шарттың нөмері, күні;

6-жолда:

жүргізушінің аты-жөні;

жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган;

көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері;

жолсапар қағазының нөмері, берілген уақыты;

7-жолда:

спирттің атауы;

тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері (шөлмекте);

тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері (дал);

8-жолда:

көлік ыдысының жалпы құны (теңге);

9-жолда:

ыдыстың бағасын есептегендегі алкоголь өнімінің жалпы бағасы (теңге);

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің алкоголь өнімін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

2-бетте:

"жет-шінің СТН-і" бағанында алкоголь өнімін өндіруші (жеткізуші) салық төлеушінің тіркеу нөмері көрсетіледі;

"алушының СТН-і" бағанында алкоголь өнімін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері көрсетіледі;

10-жолда:

алкоголь өнімінің түрі, ыдыс сыйымдылығы (литр);

11-жолда:

алкоголь өнімінің коды - жеке сәйкестендіру нөмері;

12-жолда:

тиелген алкоголь өнімінің әр түрі бойынша (шөлмекпен) жалпы саны;

13-жолда:

бір шөлмектің бағасы теңгемен;

14-жолда:

көлік жүкжөнелтпе құжат бойынша тиелген алкоголь өнімінің жалпы саны (шөлмекпен);

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің (жеткізушінің) бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің этил спиртін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

33. Алкоголь өніміне (сырадан басқа) арналған жасыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатта мыналар көрсетіледі:

1-жолда:

алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

2-жолда:

алкоголь өнімін алушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, жеткізу орны, мемлекеттік лицензияның нөмері, әрекет ету мерзімі;

3-жолда:

алкоголь өнімін өндіруші (жеткізуші) салық төлеушінің тіркеу нөмері;

4-жолда:

алкоголь өнімін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері;

5-жолда:

ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;

қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;

консигнацияда-келісім шарттың нөмері, күні;

6-жолда:

жүргізушінің аты-жөні;

жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган;

көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері;

жолсапар қағазының нөмері, берілген уақыты;

7-жолда:

ыдыстың бағасын есептемегендегі алкоголь өнімінің жалпы бағасы (теңге);

тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері (шөлмекте);

тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері (дал);

8-жолда:

көлік ыдысының жалпы құны (теңге);

9-жолда:

ыдыстың бағасын есептегендегі алкоголь өнімінің жалпы бағасы (теңге);

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында алкоголь өнімін өндірушінің (жеткізушінің) бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің алкоголь өнімін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

2-бетте:

"жет-шінің СТН-і" бағанында алкоголь өнімін өндіруші (жеткізуші) салық төлеушінің тіркеу нөмері көрсетіледі;

"алушының СТН-і" бағанында алкоголь өнімін алушы салық төлеушінің тіркеу нөмері көрсетіледі;

10-жолда:

алкоголь өнімінің түрі, ыдыс сыйымдылығы (литр);
11-жолда:
алкоголь өнімінің коды-жеке сәйкестендіру нөмері;
12-жолда:
тиелген алкоголь өнімінің әр түрі бойынша (шөлмекпен) жалпы саны;
13-жолда:
бір шөлмектің бағасы теңгемен;
14-жолда:
көлік жүкжөнелтпе құжат бойынша тиелген алкоголь өнімінің жалпы саны (шөлмекпен);

"жөнелтуші басшысының аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің (жеткізушінің) бірінші басшысының қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"жөнелтуші бухгалтерінің аты-жөні" бағанында этил спиртін өндірушінің бас бухгалтерінің қолы және аты-жөні және қолы қойылады;

"Алушы" бағанында:

алушы мекеменің этил спиртін алуға жауапты өкілетті қызметкердің қолы, аты-жөні;

жеке куәлігінің және/немесе төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

## 7. Пайдаланылмаған, ақаулы, толтыру барысында зақымдалған және бүлінген көлік жүкжөнелтпе құжаттарын есепке алу

34. Пайдаланылмаған, немесе баспаханалық ақауы бар көлік жүкжөнелтпе құжаттары қайтару себептерін көрсете отырып жеке немесе заңды тұлғаның көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қайтару туралы өтініші негізінде оларды алу орны бойынша салық комитеттеріне қайтарылуы мүмкін.

35. Жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қайтаруы осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес көлік жүкжөнелтпе құжаттарын табыстау-қабылдау актісі (бұдан әрі - қабылдау-табыстау актісі) бойынша жүзеге асырылады.

36. Баспаханалық ақауы бар көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жеке және заңды тұлғалар көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ауыстыру туралы өтінішпен табыстау-қабылдау актісі бойынша оларды алу орны бойынша салық комитеттеріне ұсынады.

37. Қайтарылған көлік жүкжөнелтпе құжаттарының нөмірлері салық комитеттерінің бірінші басшылары тағайындайтын, құрамы үш адамнан кем болмауы тиіс баспаханалық ақауы бар және пайдаланылмаған көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қабылдау бойынша комиссия қол қоятын табыстау-қабылдау актілерінде көрініс табады.

38. Салық комитеттері баспаханалық ақауы бар көлік жүкжөнелтпе құжаттарын олар бойынша көлік жүкжөнелтпе құжаттары алынған табыстау-қабылдау актісін және көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қоса Алматы қаласы бойынша Салық комитетіне ұсынады.

Алматы қаласы бойынша Салық комитеті өз кезегінде ақаулы көлік жүкжөнелтпе құжаттарын дайындаушыға тапсырады.

39. Жеке және заңды тұлғалар толтыру барысында зақымдалған және бүлінген көлік жүкжөнелтпе құжаттарын толтыру барысында зақымдалған және бүлінген көлік жүкжөнелтпе құжаттарын есептен шығару актісін жасау және оларды одан әрі жою үшін оларды алу орны бойынша салық комитеттеріне ұсынуға міндетті.

40. Көлік жүкжөнелтпе құжаттары жыртылып қалған кезде олардың жеке бөліктері желімдеу арқылы біріктірілген болуы тиіс.

41. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою салық комитеттері бірінші басшыларының бұйрықтарымен айқындалатын орындарда комиссияның қатысуымен жүргізіледі.

Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою жөніндегі комиссияның құрамы салық комитеттері бірінші басшыларының бұйрықтарымен үш адамнан кем емес құрамда бекітіледі.

Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою жөніндегі комиссияның құрамына олардың көлік жүкжөнелтпе құжаттары жойылуға жататын жеке және заңды тұлғалардың өкілдері міндетті түрде кіруі тиіс.

